

Қазақстандағы президенттік институттың тіршілік ету барысында мемлекет үлкен жетістіктерге қол жеткізді, ол-демократиялық саяси жүйенің көрсеткіші ретінде ұлттық егемендіктің орнауы. Еліміздегі саяси және экономикалық тұрақтылық пен даму. Осыған байланысты 2010 жылғы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету, бірінші кезекте президенттік билік институттың демокротиялық үрдіспен дамуының көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстан мемлекеті алдында әлемдік мемлекеттер арасында бәсекелеске қабілетті 50 ел қатарына кіру үлкен мақсаттары тұр, сондықтан президенттік институт алдында жаңа міндеттер мен сынақтар тосуда.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы:1995 жылғы (2007 ж өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). -Астана: Елорда, 2008.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы . -Алматы, 1993.
3. Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендік туралы:Қазақстан Республикасының конституциялық Заңы// Егемен Қазақстан.-1991. - 16 желтоқсан. - Б.1-2
4. Мадалиева А.А. Қазақстанда Президенттік билік жүйесінің қалыптасуы: Автореферат –Алматы,-2008.- 11-17 б.
5. Нұрымбетова Г. Қазақстандағы Президенттік институт бастаулары// Қоғам және Дәуір. - 2010№2. – Б. 54-57.
6. Нургалиева М.М. Роль института президенства в процессе конструирования национальной идентичности Казахстана//Известия.-2009 №5.- С.128.
7. Сартаев С.,Назаркулова Л. Қазақстан Республикасы Конституциясы кезеңдері.- 2005 ж.-165-186 б
8. Сартаев С.С., Күнқожаева Г.Н. Қазақстан Республикасында билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2002.-64-69.-б.

О. Шарипов

АЗАМАТТАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтардың кез келген заңды әдістермен ақпаратты еркін алу және тарату, бұқаралық ақпаратқа еркіндік беру және қоғамдық ұйымдардың еркін жұмыс істеуіне, ҚР Конституциясымен жарияланған құқықтары шынымен жүзеге асырылды.

Ақпараттық қарым-қатынастардың конституциялық құқықтық реттеу жүйесі конституциялық құқықтардың базалық категорияларына, атап айтқанда, конституциялық құрылыстың, Қазақстан азаматтарының құқықтық мәртебесін белгілеу және бекіту, азаматтық институттарын, әкімшілік мемлекеттік құрылымға және мемлекеттік органдар жүйесінің негіздеріне сүйенеді. Дүниежүзілік ақпараттық кеңістіктің толық мүшесі болуды мақсат қойған мемлекеттің азаматтарының ақпараттық құқықтары олардың білімімен және қоғамның құндылықтарымен алмасуға, яғни ақпараттық айналымға, ақпараттық алмасуға белсенді қатысу қажеттілігімен белгіленеді. Сонымен бірге белгілі сатылардан тұратын, ақпараттық құқықтар шеңберін құрайтын ақпараттық алмасудың ерекшелігін есепке алу қажет. Оларға ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну сатыларын жатқызу керек.

Азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері жүйесіндегі ақпараттық құқықтар тобы ақпаратқа бағытталуымен ерекшелейді, ол осы құқықтарды іске асыру мақсаты болады. Сонымен бірге олардың бәрі әлеуметтік құндылықтардың негіздеріне сүйенеді, олар «құқықтық доктрина мен тәжірибе, азаматтардың ақпаратпен алмасуға қатысудың заңдық кепілдіктері ретінде рәсімдейді, ол - түрлі пікірлер болуының құндылығы, оларды білдіру, пікірлерінің ескеруіне өкіметтің ықпалы және мұндай ескеруді тексеру» [1,17, б.].

Ақпараттық құқықтарды талдау ақпараттық құқықтарды жан-жақты позициялардан жіктеуіне мүмкіндік береді, мысалы, Ж. Баишев конституциялық нормалардың негізінде келесілерді атап өтті:

- сөз еркіндігі;

- ақпаратқа ұлықсат және оны еркін тарату, яғни кез келген азамат заңмен тыйым салынбаған әдіспен, ақпаратты еркін алады және таратады;
- анық емес мәліметті теріске шығару құқығы және бұқаралық ақпарат құралдарында жауап беруіне құқықты;
- бұқаралық ақпарат құралдарынан алған ақпарат көзін қорғау құқығы;
- ақпараттық цензура мен ақпараттық оқшаулауға тыйым салу [2, б.37].

Сонымен бірге А.Е Жатқанбаева. ақпараттық құқықтарды жіктеуіне өзінің теориясын ұсынады, оған:

- ақпаратқа рұқсат құқығы;
- ақпаратты өндіру мен тарату құқығы;
- ақпаратты қорғау құқығы (конфиденциальность);
- ақпаратты сақтау құқығы [3.,155 б].

Екі бағыттаушыдан итеріліп, атап айтқанда, ақпараттық айналымның құрылымы мен негізгі әлеуметтік құндылықтар, бір қатар азаматтардың ақпаратқа деген өзіндік субъективтік құқықтар жүйесін белгілеуге болады, яғни ой еркіндігі, сөз еркіндігі, бұқаралық ақпарат еркіндігі және өкімет органдарының ақпаратқа ұлықсат құқығы.

Ой еркіндігі немесе саясаттандырған ракурсте - пікір еркіндігі дегеніміз, адамның пікіріне тәуелді қандай болмасын дискриминациялауға жол бермеу [4]. Адамның ойлау қабілеті және ойлау әрекетінің нәтижесінде кез келген тұжырым қабылдау, оның кейіннен пікірге, өмірлік ұстанымдарға айналуы басқа тірі жандарға қарағанда адамгершілікке жатады. Кейбір ғалымдар ой еркіндігін, саясаттандырылған тұрғыдан, басқаша көзқарас деп, оны ақаулық емес адамгершілікке жатқыза қарастырады [5, 94 б.]. Бірақ бұл жерде, авторлардың ықыласын адамгершілікке ақаулықтың өзі емес, ойлау қабілеті мен өз көзқарасын қорғау қабілеті, өзінің тіршілігінде көз қарасына ұстану жатады.

Ой - терең ақыл-ой процесі. Бірақ ойдың өзі айтылғанша, қағаз бетіне түскенше немесе әуен әлде басқа шығарма түрінде шықпағанынша, яғни таратуға жарайтын ақпарат түріне айналғанша, ақпараттық айналымның объектісіне жатпайды. Тек қана осы сәттен бастап оны құқықтық реттеу объектісіне жатқызуға және жай білім емес ақпарат ретінде қабылдауға болады.

Көп жағдайда, ой сөз арқылы жеткізіледі, осы тұрғыдан сөз еркіндігі өз ойын білдіру еркіндігі деген түсінік өзін - өзі ақтайды. Сонымен бірге өз ойын тек қана ауызша немесе жазбаша білдіру ғана емес, өз ойы мен пікірін әрекетімен жеткізуге болады. Бұл жіктеу индивидтің бостандығын кеңейту үшін де, әр- түрлі өз ойын білдіру еркіндігімен теріс пайдалануы сияқты, мысалы, негативті әсер ететін символикалармен (фашизм, анархиялық қозғалыстар және т.б.) пайдалану, мемлекеттік мекемелердің ғимараттарын, мемлекеттің нышандарын қорлау сияқты заңсыздық әрекеттердің жіктеуіне де маңызды.

Бұқаралық ақпарат еркіндігі дегеніміз- өз пікірін тұтынушылардың кең аудиториясына жеткізу мүмкіндігі. Бұл құқық-саясаттық құқық деп жіктеледі, себебі пікір көпшілік дискурс масштабында таралады. Отандық және құқықтық доктринада басылым еркіндігі тек қана жеке индивидтердің еркіндігі емес, бұқаралық ақпарат құралдар ұйымдарының еркіндігі де деп анықталады. Бұқаралық ақпарат құралдар еркіндігін екі аспектіде қарастыру қажет, біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдарды еркін ұйымдастыру құқығы. Екіншіден, азаматтардың оқырман ретінде қоғамдық маңызды ақпарат алу құқығы, осы алынған ақпарат негізінде кез келген мәселелер және моменттерге қатысты пікірдің қалыптасуы. Осы ракурста бұқаралық ақпарат құралдар еркіндігін ақпарат алу көздерінің еркіндігі деп түсіндіруге болады. Бұқаралық ақпарат құралдар еркіндігінің екі аспектісі де - мемлекеттегі демократияның даму деңгейін белгілейтін өзекті аспектілер.

Ғылыми әдебиетте таралған ақпарат құқығы деген түсінік (ҚР Конституциясы п.2, 20б.), халықаралық құжаттармен бекітілген азаматтардың, өз ойын білдіру еркіндігіне жататын құқық. Егер осы құқықты іс жүзіне асыруында әлеуметтік құндылықтар мен келтірілген ақпараттық құқықтардың құрамдастарының әр қайсысының құқықтық мүмкіншіліктері жойылмаса ғана осындай түсінікті қабылдауға болады [6, 18б.].

Бір қатар батыс елдер заңнамасында, қазіргі кезде шығыс елдерінде де, қазіргі заманғы ақпараттық алмасу құралдарымен әмбебап қолдануға рұқсат беретін құқық ұйымдастырылған, және мемлекетпен қамтамасыз етілген, арзан, кейбір кезде тегін қызмет етулер ұйымдастырылған.

Осындай шаралар мемлекеттерді басқару орындарымен азаматтарға ақпараттық алмасуға қатысу үшін материалдық кепілдік беру мақсатымен әрекеттелінеді, сонымен бірге өз пікірін білдіру еркіндігін қолдайды және жағдай жасайды. Осыған сүйене, индивидтің, ақпараттық құқықтармен байланысты, жаңа әлеуметтік экономикалық құқығы пайда болуы жайлы айтуға болады. Мысалы, Жапония, Малайзия, Сингапур, Қытай және т.б. елдердің мемлекеттік бюджеттерінде халықтың Интернет-қызметтеріне жұмсалған шығынын өтейтін баптар бекітілген.

Қазақстанда Интернет-қызметтерінің, сонымен бірге телефон және де басқа да байланыс қызметтерінің бағасы өте жоғары. Республика басшылығымен жылдан жылға қызметтердің бағасын төмендету және сапасын артуын көздейтін саясат жүргізілуде. Халықты қазіргі заманғы байланыс құралдарымен қамтамасыз ету саласындағы жағдайды түзету бағытында жасалатын шаралардың бірі - мемлекет тарапынан компьютерлік сауатсыздықты жоятын оқулық бағдарламаларды жүргізу. Осындай шаралар Ақпараттандыру және байланыс агентімен 13 қазан, 2006 ж. № 995 өкіметтің бекітілген «Программы снижения информационного неравенства в Республике Казахстан на 2007-2009 годы» атты қаулысының шеңберінде атқарылуда.

Ақпараттық құқықтың кең түсінуіне билік органдарының ақпараттарына рұқсат беруі кіреді. Осындай құқық, біздің ойымызша, екі бағытта қарастырылу керек:

1) азаматтар ресми ақпарат алуға құқықты, яғни азаматтар мемлекеттік ақпарат көздерінен өздерінің құқықтарын, еркіндіктерін және заңды мүдделерін іске асыруға қажетті ақпарат алуға құқықты;

2) мемлекеттік басқару органдарының қызметі жайлы ақпарат алуға құқықты, яғни мемлекеттік басқару мен реттеу барысында оларға жүктелген өкілеттіктер мен міндеттердің іске асыру жөнінде ақпарат алуға құқықты. Бұл құқық мемлекеттердің конституциялық және әкімшілік заңдарының дамуынан шығады.

Ақпараттық құқықтармен қамтамасыз ететін негізгі принциптер ретінде келесі принциптерді белгілеуге болады:

- 1) ақпараттың ашықтығы мен қолжетерлік презумпциясы;
- 2) ақпараттың ақиқаттығы мен толықтығы
- 3) ақпараттың берілуі уақтылы болу
- 4) ақпаратқа рұқсат ету, қажет болса сот арқылы, құқығын қорғау,;
- 5) тек қана заң арқылы ақпаратқа рұқсат етуіне шектеу қою;
- 6) ақпаратты ұсынуға үшінші адамның мүддесі мен құқығын сақтау.

Ақпараттық құқық қазіргі заманда адамның манызды құқықтарының бірі, себебі оның өмірі ақпараттық ағымдардан тыс мүмкін емес.

Осы айғақтың ұғынуы қолданыстағы заңда көрсетілген, ол барлық арнайы нормативтік актілермен көбірек ауқаттанады, бірақ сонымен бірге қоғамдық қатынастардың барлық спектрін толық мөлшерде қамтымайды. Ақпараттық заңдардың, содан кейін ақпараттық құқықтың дамуының өзектілігі қарқынды өсуде.

1. Лисицына Е.С. Право на информацию и информационную деятельность в РФ: автореф. дис. ...канд. юрид. наук. – М., 2003

2. Баишев Ж. Конституционное право Республики Казахстан: учебно-методическое пособие. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. - 392 с.

3. Жатқанбаева А.Е. Конституционно-правовые аспекты информационной безопасности. -Алматы, 2009 г. -304 с.

4. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г.

5. Сайдов А.Г. Конституционно-правовые основы обеспечения информационной безопасности Российской Федерации: диссертация канд. юрид. наук: 12.00.02. - Махачкала, 2004. - 154 с.

6. Бачило И.Л. О праве на информацию в Российской Федерации. – М., 1997.